

Осакаров ауданында тұрғындардың мақсатты топтар үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру бойынша шаралар туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 01 ақпандағы N 03/03 қаулысы. Қарағанды облысы Осакаров ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 20 ақпанда N 8-15-164 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 25 мамырдағы N 18/04 қаулысымен

Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2012.05.25 N 18/04 қаулысымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекетті басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы N 316 "Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылдың 19 маусымдағы N 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес мақсаттық топтарға кіретін жұмыссыз азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыратын ауданның ұйымдарының, кәсіпорындарының және мекемелерінің тізбесі бекітілсін.

2. "Осакаров ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (С.Д. Торбаева) және "Осакаров ауданының жұмыспен қамту орталығы" Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (А.А. Тулеуова):

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген тәртіп бойынша әлеуметтік орындарда жұмыс істеуге ниеті бар жұмыссыз азаматтарды жұмысқа жолдау бойынша жұмыс жүргізсін;

2) осы санаттағы азаматтарды жұмысқа орналастыру бойынша жұмыс берушілермен сәйкес еңбек шартын жасасын;

3) әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру тиімділігін және шарттардың орындалуын бақыласын;

4) әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру мониторингін жүргізсін.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарында жұмысқа орналастырылған азаматтарға еңбек ақы төлеу келесі мөлшерде жүргізіледі:

1) бастапқы алты айда бюджеттік қаржы есебінен жалақыдан 50 пайыз мөлшерінде және 50 пайыздан кем емес жұмыс берушінің есебінен;

2) келесі үш айда бюджеттік қаржы есебінен жалақыдан 30 пайыз мөлшерінде және 70 пайыздан кем емес жұмыс берушінің есебінен;

3) соңғы үш айда бюджеттік қаржы есебінен жалақыдан 15 пайыз мөлшерінде және 85 пайыздан кем емес жұмыс берушінің есебінен.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Осакаров ауданы әкімінің орынбасары Нұрлан Рахметоллаұлы Бикеновке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Осакаров ауданының әкімі

С. Аймақов

А у д а н ы

ә к і м д і г і н і ң

2012 жылғы

1

ақпандағы

N

03/03

қаулысына қосымша

Әлеуметтік жұмыс орындары ауданның ұйымдарының, кәсіпорындарының және мекемелерінің тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2012.04.02 N 10/01 (алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

N p /с	Ұйымның атауы	Жұмыс орындарының саны	Жұмыстың ұзақтығы (айлық)	Айлық жалақы мөлшері	Жоспарланған өтемақы көлемі, теңге	Кәсіп (мамандық)	Қаржылау көзі
1.	Жеке кәсіпкер Анатолий Константинович Адамович	2	Бірінші 6 ай	52000	26000	Қосалқы жұмысшы	Республика бюджет
			Келесі 3 ай	52000	15600		Республика бюджет
			Соңғы 3 ай	52000	7800		Республика бюджет
2.	"Ар Сауда" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	3	Бірінші 6 ай	52000	26000	Бухгалтер, жүргізуші-экспедитор, наубайханашы	Республика бюджет
			Келесі 3 ай	52000	15600		Республика бюджет
			Соңғы 3 ай	52000	7800		Республика бюджет
3.	"Тазалық" коммуналдық	2	Бірінші 6 ай	52000	26000	Қосалқы жұмысшы	Республика бюджет
			Келесі 3 ай	52000	15600		Республика бюджет

	мемлекеттік кәсіпорыны		Соңғы 3 ай	52000	7800		Республика бюджет
4.	"Уызбай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	1	Бірінші 6 ай	52000	26000	Механизатор	Республика бюджет
			Келесі 3 ай	52000	15600		Республика бюджет
			Соңғы 3 ай	52000	7800		Республика бюджет
5.	Жеке кәсіпкер Аубакирова С.У.	2	Бірінші 6 ай	52000	26000	Автомеханиктің көмекшісі, аспазшы	Республика бюджет
			Келесі 3 ай	52000	15600		Республика бюджет
			Соңғы 3 ай	52000	7800		Республика бюджет
6.	"Яковлев" шаруа қожалығы	4	6 ай	40000	20000	Қосалқы жұмысшы	Жергілік бюджет
7.	"Жатва" шаруа қожалығы	4	6 ай	40000	20000	Қосалқы жұмысшы	Жергілік бюджет
8.	Коммуналды мемлекеттік қазыналық кәсіпорын "Тазалық"	2	6 ай	40000	20000	Қосалқы жұмысшы	Жергілік бюджет
9.	Өндірістік кооператив "АУЭН"	2	2 ай	52000	26000	Қосалқы жұмысшы	Республика бюджет
10.	Жеке шаруашылық "Айзана"	2	2 ай	52000	26000	Қосалқы жұмысшы	Республика бюджет
11.	Жеке кәсіпкер Прядухина Ирина Петровна	1	2 ай	52000	26000	Қосалқы жұмысшы	Республика бюджет
	Барлығы:	25					